

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
THE MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN**

**Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 20-жылдығына және экономика ғылымдарының докторы, профессор, ХАА және Ресейлік Жаратылыстану Академиясының академигі, «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі Садвокасова Куляш Жабыковнаның 60-жас мерейтойына арналған «Жаңа нақты жаһандық жағдайда Қазақстан Республикасының қаржы-несие жүйесінің дамуы»

Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции

«Развитие финансово-кредитной системы Республики Казахстан в условиях новой глобальной реальности», посвященную 20-летию ЕНУ им. Л.Н.Гумилева и 60-летию доктора экономических наук, профессора, Академика МАИН и Российской Академии Естествознания, заведующей кафедрой «Финансы» Садвокасовой Куляш Жабыковны.

WORKS OF THE

international scientific- practical conference

"Development of the financial - credit system of the Republic of Kazakhstan in the new global reality", dedicated to the 20th anniversary of L.N. Gumilyov ENU and the 60th anniversary of Sadvokasova Kulyash Zhabykovna, doctor of economic sciences, professor, IA academician, academician of the Russian Academy of Natural Sciences and head of the department "Finance".

2 часть

Астана – 2016

Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Л.Н. ГУМИЛЕВ ат. ЕҰУ ЖАНЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ЕНУ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
IMS OF LN GUMILYOV ENU

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ
ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE



Орынбор мемлекеттік университеті
Оренбургский государственный университет
Orenburg State University



Пенза мемлекеттік университеті
Пензенский государственный университет
Penza State University



Тыва мемлекеттік университеті
Тувинский государственный университет
Tuvan State University



БМУ бизнес пен технология менеджменті институты
Институт бизнеса и менеджмента технологий БГУ
School of business and management of technology of BSU



Ресей халықтар достығы университеті
Российский Университет дружбы народов
Peoples' Friendship University of Russia



ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции

«Развитие финансово-кредитной системы Республики Казахстан в условиях новой глобальной реальности», посвященную 20-летию ЕНУ им. Л.Н.Гумилева и 60-летию доктора экономических наук, профессора, Академика МАИН и Российской Академии Естествознания, заведующей Кафедрой «Финансы» Садвокасовой Куляш Жабыковны.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 20-жылдығына және экономика ғылымдарының докторы, профессор, ХАА және Ресейлік Жаратылыстану Академиясының академигі, «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі Садвокасова Куляш Жабыковнаның 60-жас мерейтойына арналған «Жаңа нақты жаһандық жағдайда

Қазақстан Республикасының қаржы-несие жүйесінің дамуы»
Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕРІ

WORKS OF THE

international scientific- practical conference

"Development of the financial - credit system of the Republic of Kazakhstan in the new global reality", dedicated to the 20th anniversary of L.N. Gumilyov ENU and the 60th anniversary of Sadvokasova Kulyash Zhabykovna, doctor of economic sciences, professor, IA academician, academician of the Russian Academy of Natural Sciences and head of the department "Finance".

ӘОЖ 336.13.012.24 (574)

УДК 336.13.012.24 (574)

ББК 65.9.(5каз)я431

«Жаңа нақты жаһандық жағдайда Қазақстан Республикасының қаржы-несие жүйесінің дамуы» Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының еңбектері- Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 .-595 б.

Труды международной научно-практической конференции «Развитие финансово-кредитной системы Республики Казахстан в условиях новой глобальной реальности», Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2016.-595 с.

Works of the international scientific- practical conference "Development of the financial - credit system of the Republic of Kazakhstan in the new global reality", - Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.-p.595.

Редакция алқасы:

САПАРОВА Б.С.– төрағасы, э.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының профессоры

КУЧУКОВА Н.К. - төраға орынбасары, э.ғ.д., ХАА академигі, РЖА академигі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының профессоры

САДВОКАСОВА К.Ж. – э.ғ.д., профессор , ХАА академигі, РЖА академигі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі

АХМЕТЖАНОВА С.Б.- э.ғ.д., профессор, Ғылыми экономикалық сараптама орталығының директоры, Экономикалық зерттеулер институты

СЫДЫҚНАЗАРОВ М.Қ.- ф.ғ.к., саясаттану PhD, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Заманауи зерттеулер институтының директоры

КОРОЛЕВ Ю.Ю. – э.ғ.к., доцент, БМУ Бизнес пен технология менеджменті институтының «Бизнес-администрирование» кафедрасының меңгерушісі

ПАРУСИМОВА Н.И. – э.ғ.д., профессор, Орынбор мемлекеттік университетінің «Банковское дело и страхование» кафедрасының меңгерушісі

КУЗНЕЦОВА Т.Е. - э.ғ.к., доцент, Пенза мемлекеттік университетінің кафедрасының меңгерушісінің орынбасары

ДОНГАК Ч.Г. - э.ғ.к., доцент, Тыва мемлекеттік университетінің «Экономика и менеджмент» кафедрасының меңгерушісі

ЖАМИЕВА А.Е. –хатшы, экономика магистрі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының аға оқытушы

ISBN 978-601-7121-75-4 (ч.2)

ISBN 978-601-7121-71-6 (общ.)

УДК 336.13.012.24 (574)

ББК 65.9.(5каз)я431

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016

© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2016

**ЖАҒАНДАНУ ҮРДІСІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БИЗНЕСТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК
ЖАУАПКЕРШІЛІГІНІҢ МАҢЫЗЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Манақбай Д.Б. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

damira_mb_94@mail.ru

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі – өркениетті экономиканың, саясаттың, қоғамның фундаменталды құндылықтарының бірі. Бизнесмендер бизнестің тұрақты және ұзақ мерзімді дамуы, кәсіпорынның мәртебесі, бизнестің инвестициялауға тартымдылығының жоғарылауы, бизнестің билік пен қоғаммен өзара әрекеттестігі сияқты мәселелерді ұғына отырып, әлеуметтік жауапкершілік – өз ісінің міндетті атрибуты екенін түсінеді.

Бизнестің басты қағидасы табыс табу екені сөзсіз белгілі. Сонымен қатар кәсіпкерлердің өз мүмкіндіктеріне қарай халықтың әлеуметтік жағдайына қарайласып отыруы дүние жүзі бойынша практикаға кең тараған құбылыс екені де анық. Бірақ, мұның өзі орталық немесе жергілікті атқарушы органдардың мәжбүрлеуімен немесе талап етуімен емес, еріктілік жағдайында, атқарушы билік органдармен меморандумдарға қол қою арқылы атқарылса, нәтиженің де қомақты болатынын өмірдің өзі көрсетіп отыр.

Буххольц, Робинс және Десензо ғалымдарының зерттеулеріне сәйкес, әлеуметтік жауапкершілік үрдістерінің ішінде еркін жауапкершілік орын алады. Бұл үрдіс бойынша, заңдар және экономикада қарастырылған фирманың міндеттерімен қатар, қоғам үшін пайдалы болып табылатын ұзақ мерзімді мақсаттарға жетуге ұмтылыс болуы тиіс. Ұйымдар қоғам деңгейінде күтімдерді ақтап, моральдік борышын атқаруы қажет. Бұл дегеніміз, дұрыс мінез-құлық барлық қоғам үшін ұзақ мерзімді амандықтан туындайды [1].

Дәстүрлі түрде қоғамның әлеуметтік проблемалары мемлекеттің қамқорлығы деп есептелінеді. Нарықтық қарым-қатынастардың дамуының бастапқы кезеңінде мұндай позиция Қазақстан Республикасына ғана емес, сонымен қатар, басқа елдерге де тән болды.

Дегенмен, өз кезегінде бизнес тек өз ісін басқарумен және пайда табумен шектелмей, сонымен қатар, әлеуметтік проблемаларды шешу мәселесіне де атсалысу қажеттігін түсіне бастады. Жеке компаниялардың, бизнес өкілдерінің мұндай позициялары ең алдымен жалпы қоғамның дамуы арқылы жүзеге асады [2].

Бизнестің менеджмент жүйесіндегі әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру Қазақстан үшін жалпыұлттық мақсат болып табылады. Ең алғаш бұл тақырыпты ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің 2005 жылғы Қазақстан халқына жолдауында және Республика кәсіпкерлерінің II Конгресінде көтерді. Қазіргі таңда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі моделін тиімді қалыптастыру мен мәселелерін шешу бойынша пікірлер және тәжірибелер алмасу бойынша іс-шаралардың бастамашысы болып «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Қазақстандағы БҰҰ даму бағдарламасы болып табылады [3].

Он жыл ішінде Қазақстан Республикасында өз қызметін қоғам мүддесі үшін атқарып келе жатқан бизнес өкілдерінің әлеуметтік жауапкершілігінің жағдайын жақсарту және дамыту, халықаралық деңгейдегі стандарттар мен талаптарға сәйкестендіру, бизнес және азаматтық қоғам үшін қолайлы орта тудыру мақсатында бірқатар маңызды іс-шаралар атқарылып келді. Солардың ішінде, атап өтсек, ең маңызды оқиға бұл – 2015 жылғы сәуір айындағы Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бойынша Ұлттық тұжырымдаманың қабылдануы. Тұжырымдаманың басты мақсаты – өз кезегінде қоғамдағы, сондай-ақ, мекеме ішіндегі экономикалық, әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешуге жәрдемдесетін бизнесті жауапкершілікпен жүргізу моделін қалыптастыру. Әлеуметтік жауапкершілік элементтерін енгізу кәсіпорын және жұмыс беруші үшін нақты басымдықтар әкеледі.

Тұжырымдамаға әлеуметтік жауапкершіліктің 7 сұрағы енгізілді: адамдардың құқығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау, тұтынушылардың мүдделерін сақтау, адал ресми тәжірибе, корпоративті басқару, қауымдастықтар өмірі мен дамуына атсалысу. Сонымен қатар, Қазақстанда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін дамыту мақсатында «Алтын Сапа», «Парыз» сияқты байқаулар ұйымдастырылып келеді [4].

Ұлттық тұжырымдама жобасы барлық мемлекеттік органдарды, халықаралық ұйымдарды, шағын және орта бизнес кәсіпорындары мен трансұлттық корпорацияларды, әлеуметтік әріптестіктерді, үкіметтік емес ұйымдарды және өзге де қызығушылық танытқан заңды және жеке тұлғаларды Қазақстандағы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті дамыту және ынталандыру үшін жаңа механизмдер мен іс-шаралар Жоспарын жасауға шақырады. Себебі әлеуметтік

жауапкершілік ол өзара тиімді әріптестік, ал өзара тиімді әріптестік қана озық әлемдік тәжірибеге негізделген корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің ұлттық моделін қалыптастырып, жылжытуға сүбелі үлес қосатын жалғыз тиімді даму жол болып табылады.

Бұл феноменнің жаһандық даму үрдісінде кәсіпорынды басқару жүйесіндегі тиімділікке жету үшін қандай артықшылықтарға ие екендігі туралы қарастырсақ. Ең алдымен, корпоративтік басқару әлеуметтік жауапкершілік пен қаржылық тиімділік арасындағы өзара байланыстың маңызды факторы болып табылады. Компанияның әлеуметтік жауапкершілігі мен қаржылық тиімділігінің өзара байланысының теориялық тәсілдерінің қатарына келесілер жатады:

–Стейкхолдерлер теориясы (stakeholder theory), әлеуметтік әсер теориясы (social impact theory) немесе құралдық/ресурстық теория (instrumental theory);

–Белгілік/беделдік теория (signaling/reputation theory);

–Жеткіліксіздік теориясы (slack resources, available funding theory);

–Менеджмент оппортунизмі теориясы (managerial opportunism theory);

–Орын басу теориясы (trade-off theory);

–Синергиялық әрекет теориясы (synergistic theory) [5].

Қазіргі қоғамның қарқынды дамуы заманында қаржылық емес есеп әзірлеуші компаниялардың саны жылдан жылға артып келеді. Әсіресе, тұрақты даму негізінде, экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, адам ресурстары және басқа да салалар бойынша әлеуметтік жауапкершілік көрсеткіштерін қарастыратын Есептілік жөніндегі Жаһандық бастамаға (GRI) сәйкес қаржылық емес есептің өзектілігі жыл сайын артуда. Қазіргі таңда қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштердің бір есепте берілуін біріктіретін сәйкестендірілген есептілік жөніндегі нұсқаулық жобасы әзірленіп жатыр [6].

Осы тұрғыда қоғам өмір сүруінің экономикалық, экологиялық, әлеуметтік салаларындағы бизнестің міндеттемелерін анықтайтын заңнамалық құжаттар қатары орындалып келеді:

–Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының халықаралық кәсіпорындар үшін Ережесі (The Organization for Economic Co-operation and Development (OECD) Guidelines for Multinational Enterprises);

–Компаниялар үшін Адам құқықтарын сақтау жөніндегі Халықаралық Амнистия (Amnesty International);

–БҰҰ Жаһандық келісімі (Global Compact) және т.б.

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің есептілік даярлау жүйесінің мәселелерін келесі құжаттардан көруге болады:

–Есептілік жөніндегі Жаһандық бастаманың Тұрақты даму саласындағы есептілік жөніндегі нұсқауы (GRI G4);

–AA1000 Стандарттар сериясы;

–ISO 9000, ISO 14063, ISO 26000, SA 8000, OHSAS 18001 секілді тұрақты даму саласындағы басқару және сертификаттау жүйелері, сондай-ақ DJSI, FTSE4Good, KLD Domini 400 сияқты мамандандырылған рейтингтік индекстер және т.б [6].

Қазіргі таңда ТМД елдері қатарында Жаһандық келісімге қатысушылардың ішінде Украина жетекші орын алады, халықаралық деңгейде украиналық 55 компания әлеуметтік жауапкершілікті бәсекелестіктің басым артықшылығы және бизнес-стратегиясы ретінде қарастырады. ТМД елдері ішінде Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан БҰҰ Жаһандық келісіміне қатыспайды, ал Ресей және Беларусь елдерінен, сәйкесінше, 35 және 28 компаниялар келісімге мүшелік етеді. Қазақстанда 13 ірі компания және 11 қоғамдық бірлестік БҰҰ Жаһандық келісіміне қатысушылар қатарында [7].

БҰҰ Жаһандық келісімі – ұйымның жауапты азаматтық позициясын қалыптастыруға және өзгерістерді ынталандыруға, сондай-ақ новаторлық шешімдер мен серіктестіктерді қолдауға бағытталған ерікті бастаманы білдіреді. Бұл келісім тиімділікті қамтамасыз ету құралы немесе бағасы болып саналмайды. Дегенмен, ол ұйым қызметіне қатысты жоғары сапа мен деректілікке қол жетуге бағытталады.

Жаһандық келісім адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес салалары бойынша келісілген жалпыға ортақ қағидаларды қарастырады, және оларға сәйкес өз қызметтері мен стратегияларын атқаруды қалайтын компанияларды білдіреді. Бұл әлемдегі ең ірі жаһандық бастама саналып, оның қатарына әлемнің 100-ден астам елдері мүшелік етіп келеді. Жаһандық келісімнің ең бастапқы міндеті бизнес пен

нарықтардың әлеуметтік легитимділігін көрсету және қамтамасыз ету болып табылады.

Елімізде отандық компаниялардың аталған құжаттарды қолдану практикасы бар. Сонымен қатар, бірқатар мемлекеттік стандарттар қабылданып, реттеу жұмыстарын жүргізіп келуде. Мысалы, Қазақстан Республикасының «Әлеуметтік жауапкершілік. Талаптар» Мемлекеттік стандарты (СТ РК 1352-2005 (SA 8000:2001, Mod) жұмыс берушінің әлеуметтік жауапкершілік мәселелеріндегі корпоративтік құндылықтарын жылжыту мақсатында әзірленген, ұйымның әлеуметтік жауапкершілігіне жаһандық кеңістіктегі қолданбалы талаптарды таратуға ықпалдасады.

Стандартта еңбек қатынастарына ерекше назар аударылған. Қазақстан Республикасының «Кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау менеджмент жүйелері» Мемлекеттік стандарты (СТ РК 1348-2005 (OHSAS 18001:1999, mod) да ұсынылады, алайда ол қолданылуы міндетті стандарт болып есептелмейді. Бұл стандарт ұйымның кәсіби қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы саясаты және мақсаттарын, сондай-ақ осы саладағы ұйым қызметін іштей және сыртқы ұйымдар тарапынан бағалауын регламенттейді. Қазақстанда 2013 жылдың қаңтар айында ҚР Индустрия және сауда министрлігінің (Инновациялық даму министрлігі – қаз.) Техникалық реттеу және метрология комитеті ISO 26000:2010 Халықаралық стандартын бекітті. Бұл стандартта әлеуметтік жауапкершілік негізіне жататын қағидалар келтірілген, ұйым қызметіндегі әлеуметтік жауапты мінез-құлық интеграциясы және мүдделі жақтардың өзара әрекеттестігі жөнінде ұсыныстар беріліп, сондай-ақ әлеуметтік жауапкершіліктің мойындалған заманауи негізгі тақырыптары мен ұйым қызметіне қатысты мүдделі жақтардың күтулері жүйеге келтірілген. Стандарт сертификаттауға арналмағанымен, оның ұсыныстарын барлық типтегі ұйымдар қолдана алады [6].

Жаһандану үрдісінде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің тағы бір өзекті атрибуты ретінде персоналды дамыту мен бизнестің ішкі корпорациялық жауапкершілігін айтуға болады [8]. Заманауи қоғамда, сондай-ақ Қазақстан қоғамында қазіргі замандық бизнестің ұтымдылығындағы негізгі басымдық нарық немесе брендтер емес, біртұтас бүтін жүйе ретінде компанияның (кәсіпорын, ұйым, т.б.), адамдық фактор болып табылады.

Осыған байланысты қазақстандық кәсіпорындарда басқару жүйесі, әсіресе персоналды басқару маңызды салалардың бірі болып есептелінеді. Қорытындылай келе, қазіргі таңда елімізде бизнесменнің тек өзінің жеке пайдасы мен кәсіпорынның даму ықтималдылығын ғана ойлап отырғаны емес, сонымен-қатар, қоғамға қажетті көмекті ұсыну ниетінің бар екенін атап өту керек. Кәсіпкерліктің әлеуметтік функциясы тұрғысынан қарастыратын болсақ, іскерлер қаржыны елге игілік әкелетін өндіріске салу керек. Пайда қоғам мүддесіне бағытталғаны жөн. Кәсіпкер тек бизнеспен сәтті айналысу ғана емес, халыққа пайда тигізу, әлеуметтік жауапты болу ниеттерінің бар екенін аңғартады. Бұл өз кезегінде елімізде халықтың әл-ауқатын жақсарту, халықаралық кеңістікте жетекші бәсекеге қабілетті елдер қатарына қосылу мен қоғамның тұрақтылығын сақтауға ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Состояние и перспективы развития корпоративной социальной ответственности и социальных инвестиций в Казахстане» Астана, 2009 //
2. Барсукова С.Ю. Женское предпринимательство: специфика и перспективы // Экономико-социологические исследования. №9. 1999. С. 75-84.
3. Мукашева Ж.Б. Корпоративная ответственность бизнеса как многоуровневая система. Вестник КазНУ, Алматы 2014 // <http://articlekz.com/article/8804>
4. «Корпоративная социальная ответственность в Казахстане: ситуация, проблемы и перспективы развития» //
5. А. В. Гизатуллин. Корпоративное управление, социальная ответственность и финансовая эффективность компании.// Российский журнал менеджмента Том 5, № 1, 2007. С. 35–66
6. Онгарбаев Н. Корпоративная социальная ответственность: основные аспекты// <http://dostykadvisory.kz/publications/article3.html>
7. United Nations Global Compact <http://www.unglobalcompact.org/AboutTheGC/index.html>
8. Нурбекова Ж.А. Социальная ответственность бизнеса в контексте глобализации// Жаһандану және әлеуметтік мәдени бейімделу мәселелері. Қазақстан социологтарының II Конгресі (1-бөлім). Астана, 2005. 230-234 б.